

**А.С. Ақтымбаева** , **А.Н. Бекен** ,  
**У.Т. Кошкимбаева** , **А.Ж. Сапиева** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*Корреспонденттік автор – А.Н. Бекен

e-mail: botabeken@gmail.com

## **ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ РЕСУРСТАР ТУРИСТІК- РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ: ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА**

Осы ғылыми мақалада туристік-рекреациялық салада туындаған терминологиялық проблемалар қарастырылады. Олардың бірі «туристік ресурс» және «туристік әлеует» терминдерінің арасындағы семантикалық айырмашылықтармен байланысты. Сондай-ақ отандық және шетелдік зерттеушілердің «туристік ресурстарды» және «туристік әлеуетті» бағалаудың әртүрлі тәсілдеріне талдау жүргізілді. Қарастырылып отырған мәселелердің бірі табиғи туристік-рекреациялық ресурстарды туристік-рекреациялық әлеуеттің негізі ретінде зерттеу болып табылады. Аумақтың рекреациялық әлеуетін перспективалы аумақтық рекреациялық жүйелердегі рекреация мен туризмді дамытуда объективті және субъективті алғышарттардың жиынтығы ретінде қарастыру қажет екендігі белгіленді. Сонымен қатар, өңірдің туристік және рекреациялық әлеуеті туристік-рекреациялық жүйелерді жобалаудың, орналастырудың және дамытуды оңтайландырудың, сондай-ақ олардың меншікті ресурстарының құндылығы мен олардың үйлесімділігіне, туризм мен рекреацияның тұрақты дамуына сүйене отырып, олардың негізгі функцияларын анықтаудың маңызды бөлігі болып табылатыны анықталды. Осылайша, Шығыс Қазақстан облысы (ШҚО) мысалында табиғи факторлардың рекреациялық қызметтің объектілері мен бағыттарына тәуелділігі көрсетілген. Бұдан басқа, осы ғылыми мақала шеңберінде Шығыс Қазақстан облысы бойынша туризмді дамытудың табиғи алғышарттарына бағалау жүргізілді және аттрактивтілік дәрежесі бойынша ландшафттық түрлердің классификациясы талданды және осы өңірде туризмді дамытудың перспективалық бағыттары анықталды. Зерттеудің қорытынды нәтижесі ретінде ғалымдар мен зерттеушілердің түрлі әдістемелерін қолдану негізінде Шығыс Қазақстан облысының аумағын табиғи ландшафттардың аттрактивтілік дәрежесі бойынша аудандастыру картасы жасалды.

**Түйін сөздер:** туристік ресурс, туристік әлеует, табиғи туристік-рекреациялық ресурстар, туристік-рекреациялық әлеует, Шығыс Қазақстан облысы.

A.S. Aktymbayeva, A.N. Beken, U.T. Koshkimbayeva, A.Zh. Sapiyeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

\*Correspondent author – A.Zh. Sapiyeva

e-mail: botabeken@gmail.com

### **Tourist and recreational resources as the basis of tourist and recreational potential: the case of East Kazakhstan oblast**

This paper discusses terminological problems that have arisen in tourist-recreational sphere. One of them is related to the semantic differences between terms “tourist resource” and “tourist potential”. There was also an analysis of various ways to assess the “tourist resources” and “tourist potential” of domestic and foreign researchers. One of the issues under consideration is the study of natural tourist and recreational resources as the basis of tourist and recreational potential. It was noted that the recreational potential of territory should be considered as a set of objective and subjective prerequisites for the development of recreation and tourism in promising territorial recreational systems. Moreover, it was found that the tourism and recreation potential of the region is an important part of the design, placement and optimization of development of tourism and recreation systems, as well as determining their main functions, based on the value of their own resources and their combination, sustainable development of tourism and recreation. Thus, dependence of natural factors on objects and recreational activities is shown on the case of East Kazakhstan oblast (EKO). In addition, within the framework of this paper, the East Kazakhstan oblast region has assessed natural prerequisites for tourism development and analyzed

the classification of landscape species by the degree of attractiveness and identified promising areas for tourism development in this region. As the final result of the study, based on the application of various methods of scientists and researchers, a map of the zoning of the territory of the East Kazakhstan oblast according to the degree of attractiveness of natural landscapes was compiled.

**Key words:** tourist resource, tourist potential, natural tourist-recreational resources, tourist-recreational potential, East Kazakhstan oblast.

А.С. Ақтымбаева, А.Н. Бекен, У.Т. Кошқимбаева, А.Ж. Сапиева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Корреспондентский автор – А.Ж. Сапиева

e-mail: botabeken@gmail.com

### **Туристско-рекреационные ресурсы как основа туристско-рекреационного потенциала: на примере Восточно-Казахстанской области**

В настоящей статье рассматриваются терминологические проблемы, возникшие в туристско-рекреационной сфере. Одна из них связана с семантическими различиями между терминами «туристский ресурс» и «туристский потенциал». Также был проведен анализ различных способов оценки «туристских ресурсов» и «туристского потенциала» отечественных и зарубежных исследователей. Одним из рассматриваемых вопросов является изучение природных туристско-рекреационных ресурсов как основы туристско-рекреационного потенциала. Было обозначено, что рекреационный потенциал территории следует рассматривать как совокупность объективных и субъективных предпосылок в развитии рекреации и туризма в перспективных территориальных рекреационных системах. Более того, было выявлено, что туристский и рекреационный потенциал региона является важной частью проектирования, размещения и оптимизации развития туристско-рекреационных систем, а также определения их основных функций, исходя из ценности их собственных ресурсов и их сочетания, устойчивого развития туризма и рекреации. Таким образом, на примере Восточно-Казахстанской области (ВКО) показана зависимость природных факторов от объектов и направлений рекреационной деятельности. Кроме того, в рамках данной статьи по Восточно-Казахстанской области проведена оценка природных предпосылок развития туризма и проанализирована классификация ландшафтных видов по степени привлекательности и определены перспективные направления развития туризма в этом регионе. Как итоговый результат исследования, на основе применения различных методик ученых и исследователей составлена карта районирования территории Восточно-Казахстанской области по степени attractiveness природных ландшафтов.

**Ключевые слова:** туристский ресурс, туристский потенциал, природные туристско-рекреационные ресурсы, туристско-рекреационный потенциал, Восточно-Казахстанская область.

### **Кіріспе**

Аймақтың туристік және рекреациялық әлеуеті туристік-рекреациялық жүйелерді жобалау, орналастыру және дамытуды оңтайландыру, сондай-ақ олардың жеке ресурстарының құндылығы мен олардың тіркесімін, туризм мен рекреацияның тұрақты дамуын негізге ала отырып, олардың негізгі функцияларын айқындаудың маңызды бөлігі болып табылады.

Демалыстың және туризмнің кеңістіктік көрінісі әртүрлі. Аймақтардың туристік және рекреациялық дамуының әртүрлілігі уақыттың өзгеруіне және қоғам дамуының деңгейіне, тұрғындардың табысына, туристердің әлеуметтік құрылымына, туризмнің материалдық-техникалық базасының даму деңгейіне және т.б. тәуелді болып келетін демалушылардың қажеттіліктеріне негізделген.

Аймақтар әртүрлі туристік-рекреациялық тартымдылыққа ие. Аумақтардың туристік-рекреациялық тартымдылығы негізінде оның тарихи шаруашылық мамандануын, материалдық игіліктердің даму деңгейін, табиғи ерекшеліктерін, мәдени мұрасын және жай өзіндік ерекшелігін айқындайтын факторлардың жиынтығы жатыр. Көрсетілген факторлар объективті және субъективті сипатта болуы мүмкін. Аумақтың туристік-рекреациялық тартымдылығын айқындайтын негізгі объективті факторларға туристік-рекреациялық ресурстардың, олардың аумақтық үйлесімдері мен іске асыру шарттарының жиынтығы ретінде айқындалатын туристік-рекреациялық әлеует жатады, оны демалысты дамытудың алғышарттары мен перспективаларын бағалау үшін бастапқы база ретінде қарастыру керек.

Туристік-рекреациялық әлеует және туристік-

рекреациялық ресурстар ұғымы рекреациялық география және туризм географиясын зерттеу пәні туралы ғылыми ұғымдардың эволюциясына қарай елеулі өзгерістерге ұшырады. Осының негiзiнде мақаланың мақсаты болып – туристiк-рекреациялық ресурстар туристiк-рекреациялық әлеуеттiң негiзi ретiнде қарастыру болып табылады. Қойылған мақсатқа байланысты келесiдей мiндеттер орындалды:

– туристiк-рекреациялық салада туындайтын терминологиялық анықтамалардың шешiмдерiн қарастыру;

– отандық және шетелдiк ғалымдардың «туристiк ресурстар» мен «туристiк әлеуетке» баға берудiң түрлi тәсiлдерiне талдау жүргiзу;

– Шығыс Қазақстан облысының мысалында рекреациялық қызметтiң нысандары мен бағыттарының табиғи факторға тәуелдiлiгiн анықтау;

– «Табиғи ландшафтардың аттрактивтiлiк дәрежесi бойынша Шығыс Қазақстан облысының аумағын аудандастыру» картасын құрастыру.

Сондай-ақ қоғамның ақпараттандырылуына, жаңа ғылыми әдiстердiң пайда болуына байланысты аумақтың туристiк-рекреациялық әлеуетiн бағалаудың жаңа тәсiлдерi де пайда болды (Кружалин, 2014: 336).

«Туристiк ресурс» және «туристiк әлеует» ұғымдарына қатысты мәселе проблемалы болып табылады. Экономикалық тұрғыдан алғанда, ресурстар бұл адамдардың қажеттiлiктерiн қанағаттандыру үшін өндiрiстiк және өндiрiстiк емес салаларда пайдаланылуы мүмкiн материалдық және материалдық емес факторлар мен құралдардың жиынтығы. «Әлеует» – физикалық ұғым, бiрақ басқа салаларға тасымалданатын мағынада бұл бiр нәрсе үшін қажеттi барлық мүмкiндiктер мен құралдардың жиынтығы. Экономикалық тұрғыдан, әлеует бұл ел экономикасының, оның салаларының, кәсiпорындарының, шаруашылықтарының өндiрiстiк-экономикалық қызметтi жүзеге асыруға деген жиынтық қабiлетi. Басқаша айтқанда, ресурс бұл фактор мен қаражат, ал әлеует – жекелеген салалардың бiр нәрсеге қабiлеттiлiгi.

Туризмде туристiк ресурстар деп туристiк көрсету объектiлерiн, сондай-ақ туристердiң рухани қажеттiлiктерiн қанағаттандыруға, олардың дене күшiн қалпына келтiруге және дамытуға жәрдемдесуге қабiлеттi өзге де объектiлердi қамтитын табиғи, тарихи, әлеуметтiк-мәдени объектiлер түсiнiледi (Прудский, 2005: 6).

Осыған байланысты А.В. Дроздов өзiндiк пiкiр айтады, «әлеует» терминi «ресурс» тер-

минiне қарағанда сипаттамалардың, заттар мен құбылыстардың жиынтығын бiлдiредi, ал «рекреациялық әлеует» әлеуеттi бағалауды және сонымен бiрге басқа өңiрлердiң немесе елдердiң әлеуетiмен немесе эталондық учаскенiң әлеуетiмен салыстыруды болжайды (Дроздов, 2006: 126).

Осы тұрғыдан туристiк потенциалдың мынадай анықтамасымен келiсу керек: аумақтың рекреациялық әлеуетi – бұл белгiлi бiр аумақта рекреациялық қызметтi ұйымдастыру үшін табиғи, мәдени-тарихи және әлеуметтiк-экономикалық алғышарттардың жиынтығы; рекреациялық потенциалдың басты құрамдас бөлiгi рекреациялық ресурстар болып табылады (Сазыкин, 2015: 306). А.С. Кусков «туристiк ресурстану» кiтабында әр түрлi авторлар «әлеует» терминiн жүктейтiн нақты мазмұнды анықтау өте қиын, өйткенi бұл терминнiң кеңiнен танымал және жалпы қабылданған кәсiби түсiндiрмелерi жоқ және оны көбiнесе жалпы қолданылатын, айқын термин ретiнде пайдаланады деп түсiндiредi (Кусков, 2010: 80).

Туристiк ресурстар мен әлеуеттердiң басқа да көптеген анықтамаларын талдай отырып (В.Г. Гуляев (1996: 320), Т.В. Николаенко, Н.Н. Лысенко (2009: 174), С.А. Севастьянова (2007: 256), Т.Д. Бурменко (2007: 328), Е.И. Богданов, Д.С. Ушаков (2013: 288) және т.б.), авторлардың көпшiлiгiнде осы терминдердiң арасындағы айырмашылық мынадай: туристiк ресурс қолданылатын немесе жақын болашақта туризм мақсатында нақты орынның неғұрлым ықтимал құралы ретiнде анықталады, ал әлеует сол ресурстарды бағалау ретiнде немесе жиынтықта, немесе нақты жердiң әлеуетiнiң әртүрлi компоненттерi ретiнде ұсынылады. Мұндай тәсiл бiр ресурстарды ұқсас басқа ресурстармен немесе ұқсас аймақтардың немесе елдердiң ресурстық жиынтық әлеуетiмен салыстыруға мүмкiндiк бередi. Жоғарыда аталған ғалымдардың негiзiнде осы тақырыпқа негiз болатын ғылыми зерттеу әдiстерiн атап өткен жөн болады.

### **Қолданылған деректер мен зерттеу әдiстерi**

Мақала барысында қолданылған әдiстер – зерттеу проблеманың ерекшелiгiн ескеруге мүмкiндiк беретiн жалпы ғылыми және арнайы әдiстерге негiзделген. Зерттеу әдiстемесiнiң негiзiне табиғи жағдайларды кешендi зерттеудi қарастыратын ландшафттық бағалау әдiсi алын-

ды. Келесі кезде жалпы осы тақырып аясында іс қозғаған ғалымдардың мысалдарын жалғастыратын болсақ.

Туристік ресурстанудың схемасын А.С. Кусков пен Е.И. Арсеньев ұсынады (Кусков, 2014: 259). Олардың жүйесі күрделі сипатқа ие, өйткені туристік ресурстар мен туристік инфрақұрылым болып табылатын негізгі топтардан басқа туындылар ұсынылған, мысалы:

- ландшафты, биоклиматты, гидроминералды және бірегей табиғи ресурстарды қамтитын табиғи-климаттық ресурстар;

- тарихи-мәдени ресурстар, оларға ескерткіштер (діни және зайырлы сәулет, археологиялық, этнографиялық және басқалар), халық кәсіпшілігі, ғылыми және техникалық кешендер мен құрылыстар, қазіргі заманғы мәдени-ойынсауық және ойын-сауық мекемелері жатады;

- мамандандырылған туристік және жалпы инфрақұрылым;

- еңбек ресурсы.

Бұл жүйе, авторлардың пайымдауынша, туристік саланы толық көрсетеді, алайда оның кемшілігі әлеуметтік-экономикалық ресурстардың туристік инфрақұрылымнан бөлінуіне және күрделілігіне байланысты.

Дж. Криппендорф қарастырып отырған терминнің мәнін келесідей анықтайды: туристік әлеует бұл аумақтың түпкілікті туристік өнімді (тұтыну үшін ұсынылған туристердің қажеттіліктері мен пайдасын қанағаттандыруды қамтамасыз ету үшін материалдық және материалдық емес элементтер кешені) құру және экономикалық маңызды туризмді дамыту мүмкіндігі. Сондай-ақ, бұл әлеуетті пайдалану міндетті емес, ең бастысы ол бар. (Krippendorf, 1980: 147).

Туристік ресурстарды бағалаудың әдіснамалық негіздері туристік өлкетану, ресурстану, елтану, туризмнің әлеуметтік экономикасы шеңберінде қарастырылды. Соңғы уақытқа дейін аймақтық экономиканың проблемаларын шешу тұрғысынан аумақтардың туристік-рекреациялық потенциалына кешенді бағалау мәселелеріне назар аударылмады.

Кейбір батыс зерттеушілерінің туристік әлеуетті есептеу әдістерін қарастырайық.

Сонымен, туристік әлеуетті есептеу үшін португал ғалымдары J.C. Ribeiro және L.C. Vazirio ұсыныс пен сұраныс тараптарын бөледі (Ribeiro, 2012: 105). Ұсыныс жағынан талдау объектілері – бұл нақты аумақтың аттрактивтік объектілерінің саны мен сапасы. Сұраныс тұрғысынан – бұл талданып отырған аумақта

туристің қабылдауы мен мүдделері.

Чех мамандары туристік зерттеудің фокусы ландшафт болып табылады деген қорытындыға келеді. Олардың пікірінше, туристік ландшафт – елдің, өңірлік кеңселердің, туристік агенттіктердің, туристердің және т.б. қызметтерінің арқасында кейбір үдерістердің даму нәтижесі (Ashouri, 2019: 3).

Рекреациялық және туристік ресурстарды бағалау мәселелеріне отандық және шетелдік авторлардың осы мәселенің әртүрлі жақтарын, оның ішінде ресурстардың сапасын бағалауға, табиғи кешендерге рұқсат етілген жүктемені есептеуге және т.б. қамтитын жеткілікті ғылыми еңбектер арналды.

Әр жылдары Қазақстан аумағында рекреациялық бағалаумен келесідей зерттеушілер айналысқан болатын, яғни олардың диссертациялық жұмыстарында ұқсас тақырыптар қарастырылды. Мұндай жұмыстарға О.Б. Мазбаев (Мазбаев, 2010: 287) пен С.А. Шабельникованың (Шабельникова, 2000: 36) жұмыстарын жатқызуға болады. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстардың басым бөлігі нақты өңірлер үшін туристік-рекреациялық әлеуетті бағалау әдістерін қолдануда негізделген. Олар: Б.К. Асубаев (Асубаев, 2010: 145), М.А. Хожаев (Хожаев, 2010: 150), К.Б. Егембердиева (Егембердиева, 2010: 116), Е.А. Токпанов (Токпанов, 2008: 149), Г.Н. Аннаева (Аннаева, 2009: 118) және т.б.

Сонымен қатар, бірқатар зерттеушілер туристік қызмет секторын дамыту тұрғысынан табиғи ресурстарды, табиғи-рекреациялық потенциалдың зерттеу объектісі ретінде облыстарды таңдады: Жақыпов А.А. – Павлодар облысы (Жакупов, 2016: 117), Кубесова Г.Т. – Ақтөбе облысы (Кубесова, 2004: 150), Титова М.А. – Ақмола облысы (Титова, 2007: 175), Подвалов А.Ю. – Жамбыл облысы (Подвалов, 2010: 175).

Қазақстанның туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау және кешенді зерттеу проблемасының өзектілігі осы тақырып бойынша көптеген жарияланымдар жарық көрген. Бұл жарияланымдардың авторлары: Ендеубаева А. (2015: 49), Қарибаева Л. (2013: 375), Ақтымбаева А.С. (2014: 101), Ердаuletов С.Р. (2001: 54), Алькеев М.А. (2014: 97), Турапова Р.О. (2011: 148) және т.б. Жалпы жоғарыда аталған ғылыми жұмыстарды саралай келе, туристік-рекреациялық әлеуетті бағалау бойынша аталған жұмыстарды талдау көптеген басылымдардың арасында Шығыс Қазақстан облысының туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау әлі ұсынылмағандығын көрсетті.

Туристiк ресурстар мен әлеуеттердiң басқа да көптеген анықтамаларын талдай отырып авторлардың көпшiлiгiнде осы терминдердiң арасындағы айырмашылық мынадай екенiн атап өтуге болады: туристiк ресурс туризм мақсатында пайдаланылатын немесе жақын болашақта пайдалануға барынша ықтимал нақты жердiң құралы ретiнде айқындалады, ал әлеует сол ресурстарды белгiлi бiр елдi мекеннiң

потенциалының әртүрлi компоненттерi ретiнде немесе жиынтық бағалау ретiнде ұсынылады. Бұл тәсiл кейбiр ресурстарды басқа ұқсас ресурстармен немесе ұқсас аймақтардың жалпы ресурстық әлеуетiмен салыстыруға мүмкiндiк бередi.

Нәтижесiнде туристiк-рекреациялық әлеует туралы ғылыми ұсыныстардың бiрнеше негiзгi кезеңдерiн бөлiп көрсетуге болады (1-кесте).

**1-кесте** – Аумақтың «туристiк-рекреациялық әлеуетiн» анықтаудың әдiстемелiк тәсiлдерi

Негiзгi ғылыми тәсiлдер	Ұғымның мазмұны
Түсiнiктердi теңестiру	Рекреациялық әлеует рекреациялық ресурстар ұғымымен алмастырады
Ресурстық тәсiл	Рекреациялық әлеует аумақтың (табиғи, мәдени-тарихи) рекреациялық ресурстарының, олардың аумақтық үйлесiмдерi мен жағдайларының, рекреацияның дамуын жандандыратын немесе лимиттейтiн жиынтығы. Туристiк және рекреациялық әлеует туристiк рекреациялық қызметте халықтың қажеттелiктерiн қанағаттандыруға ықпал ететiн туристiк және рекреациялық ресурстардың жиынтығы, олардың аумақтық құрылымдары мен шарттары.
Жүйелi тәсiл	Туристiк-рекреациялық әлеует және әлеуеттердiң (табиғи, мәдени-тарихи, әлеуеттiк-экономикалық, ақпараттық), сондай-ақ аумақ ресурстарын шаруашылық игеру нәтижесiнде туындайтын және оларды туристiк-рекреациялық пайдаланудың мүмкiндiктерi мен шарттарын айқындайтын басқа да әлеуеттердiң жиынтығы.

Осыған байланысты аумақтың рекреациялық әлеуетiн қазiргi және перспективалық аумақтық-рекреациялық жүйелерде рекреация мен туризмдi дамытудың объективтi және субъективтi алғышарттарының кешенi ретiнде қарастыру орынды болды (Кавалаяускасу, 2019: 120). Тиiсiнше, аумақтың туристiк-рекреациялық әлеуетi деп халықтың туристiк және рекреациялық қызметке қажеттiлiктерiн қанағаттандыруға ықпал ететiн туристiк-рекреациялық ресурстардың, олардың аумақтық үйлесiмдерi мен жағдайларының жиынтығы түсiнiледi (1-сурет).

Аумақтың туристiк-рекреациялық әлеуетi бiрқатар «жеке» әлеуеттердi қамтиды:

1) Табиғи әлеует – табиғи генезистiң туристiк-рекреациялық ресурстары ретiнде, сондай-ақ объектiге немесе аумаққа келудiң мәндiк деңгейiмен айқындалады, оның асып кетуi қолайсыз экологиялық салдарға, геожүйе компоненттерi арасындағы өзара байланыстың бұзылуына не туристердiң өздерiнiң iс-қимылдары нәтижесiнде не туризмге қызмет көрсететiн инфрақұрылымның жұмыс iстеуi салдарынан болады.

2) Мәдени-тарихи әлеует мәдени-танымдық туризм объектiлерiнiң сыйымдылығын, оларды пайдалану сипатын, маңыздылығын, семан-

тикалық құндылығы мен аудиторияға қол жетiмдiлiгiн ашады.

3) Әлеуметтiк-экономикалық әлеует-инфрақұрылымдық объектiлердiң, инвестициялық туристiк-рекреациялық жобалардың бар-жоғын немесе жобалық қуатын, кадрлық қамтамасыз етулуiн негiзге ала отырып, туристер мен рекреанттар аумақтарға бару деңгейiн талдауды көздейдi.

4) Ақпараттық әлеует – ақпараттың әртүрлi түрлерiнен, ақпараттық технологиялық жүйелер мен арналардан, мамандандырылған туристiк ақпараттық орталықтардан және коммерциялық құнды брендтерден тұрады.

Осылайша, аумақтық-рекреациялық жүйелер туралы ұғымдардың эволюциясы «туристiк-рекреациялық потенциал» терминiн енгiзудiң мақсатқа сай болуына алып келдi, өйткенi ол аумақтың рекреациялық ресурстарын негiзгi тұтынушылардың санатын неғұрлым толық көрсетедi (Сафарян, 2015: 89).

Аумақтық рекреациялық жүйенi зерттеудiң теориялық мәселелерiн зерттей отырып, бұл зерттеулерде Шығыс Қазақстан облысы мысалында сараптамалық-баллдық бағалау әдiсi қолданылды.

### Талқылаулар мен алынған нәтижелері

Аумақтың туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау туристік-рекреациялық жүйелерді жобалауды, орналастыруды және дамытуды оңтайландырудың, жекелеген ресурстардың құндылығы мен олардың үйлесімі негізінде олардың негізгі функцияларын айқындаудың, туризм мен рекреацияның орнықты дамуының маңызды негізі болып табылады.

Туризм саласын дамытудың маңызды алғышарттары мен тамаша мүмкіндігі оның рекреациялық әлеуеті болып табылады.

Бірақ, сарапшылардың пікірінше, басты назар аударарлық жер – ландшафттың эстетикалық қасиеттері. Оның сұлулығы, бірегейлігі адамдардың сезімдері мен эмоцияларын қозғауға қабілетті және бұл жиі шешуші рөл атқарады (Blanke, 2013: 147). Шығыс Қазақстан облысының табиғи ескерткіштерінің аттрактивтілігі аса маңызды. Бірегей табиғи кешендер Катон-Қарағай, Зырян, Құршым, Тарбағатай, Көкпекті және Үржар аудандарында бар. Бұл келу, ішкі, этнографиялық және экологиялық туризмді дамытуға қолайлы жағдай жасайды (Егорина, 2012: 181).

Туристік-рекреациялық әлеует	
Туристік-рекреациялық ресурстар	Туристік-рекреациялық әлеуетті іске асыру шарттары
Табиғи туристік-рекреациялық ресурстар	Қоғамдық-географиялық жағдай: рекреациялық-географиялық орналасуы; туристік-рекреациялық қызметтерді тұтынушыларға аумақтың қолжетімділігі; аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпы деңгейі; әлеуметтік инфрақұрылымды қоса алғанда, жалпы шаруашылық инфрақұрылымның болуы; аумақтың шаруашылық кешеніндегі туристік-рекреациялық кешеннің орны; қонақжайлылық атмосферасы.
Мәдени-тарихи туристік-рекреациялық ресурстар	Геосаяси жағдай: аумақтың қауіпсіздігі және шекаралық даулы аймақтардың болмауы; экономикалық және саяси тұрақтылық; төмен қылмыстылық.
Әлеуметтік-экономикалық туристік-рекреациялық ресурстар	Ұйымдастыру-құқықтық жағдайлар: туристік саланы дамытуды мемлекеттік реттеу және ынталандыру; туристік-рекреациялық қызметті айқындайтын заңнамалық актілердің өңірлік және федералдық деңгейлерде әзірленуі және ұштасуы; аумақтың инвестициялық және кәсіпкерлік тартымдылығы; туристік-рекреациялық қызметті ынталандырудың экономикалық тетіктері; туристік формальдылықтарды оңайлату (паспорттық-визалық режим, кедендік заңнама және т. б.); әр түрлі табиғат пайдаланушылардың мүдделерінің қақтығысы кезінде даулы жағдайларды реттеу.
Ақпараттық әлеуметтік-экономикалық туристік-рекреациялық ресурстар	Экологиялық жағдайлар аумағындағы экологиялық жағдай; ерекше қорғалатын табиғи аумақтың болуы.

1-сурет – Аумақтың туристік-рекреациялық әлеуеті (Социально-экономический паспорт Восточно-Казахстанской области за 2018 год)

Табиғи ресурстық әлеуеттi рекреациялық бағалау кезiнде келесi мiндеттi қадамдарды атап өту керек:

– бағалау объектiсiн таңдау – табиғи кешендер, олардың компоненттерi және қасиеттерi;

– бағалау жүргiзiлетiн позициядан субъектiнi бөлу;

– зерттеудiң ауқымы мен мақсаты бойынша және субъектiнiң қасиеттерi бойынша анықталған бағалау критерийлерiн қалыптастыру;

– бағалау шкалаларының параметрлерiн әзiрлеу.

Субъектiнiң позицияларына сәйкес рекреациялық географияда табиғи ресурстарды бағалаудың үш негiзгi түрi қалыптасты: медико-биологиялық, психологиялық-эстетикалық, технологиялық.

Шығыс Қазақстан облысының табиғи алғышарттарын (топография, климат, су ресурстары, флора мен фауна) қарастыру кезiнде және табиғи ландшафтының туристiк тартымдылығын анықтау кезiнде М. Милеска ұсынған сипаттама әдiсi мен бағалау әдiсi қолданылды, ол табиғи ландшафттардың түрлерiн рекреация және туризм үшiн тартымдылық дәрежесi бойынша жiктедi (Милеская, 2017: 230).

Осы әдiстеме бойынша облыстың 15 әкiмшiлiк ауданы бойынша табиғи ландшафттардың типтерiн жiктеу жүргiзiлдi. Ландшафт типтерiн жiктеу нәтижесi – жер бедерi, су, орман және қосымша тартымды табиғат объектiлерi бағаланған баллдардың сомасы болып табылады. 1-ден 4-ке дейiн құндылық шкаласын қабылдай отырып, туристiк аттрактивтiлiк дәрежесi әртүрлi төрт ауданға бөлiндi. Табиғат жағдайлары мен ресурстарын бағалаудың қолданылатын жүйесi әртүрлi аумақтарды салыстыруға және туризмнiң бұқаралық түрлерiн дамыту үшiн географиялық органның мүмкiндiктерiн анықтауға мүмкiндiк бердi (Каткова, 2012: 22):

1 өте қолайлы – 4 балл (Катон-Қарағай ауданы);

2 қолайлы – 3 балл (Зырян, Көкпектi, Күршiм, Тарбағатай аудандары);

3 қолайсыз – 2 балл (Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Глубоковский, Жарма, Зайсан, Ұлан, Үржар, Шемонаиха аудандары);

4 жағымсыз – 1 балл (-).

Ландшафт типтерiн жiктеу нәтижесi ретiнде

ландшафт типтерiн, табиғат ескерткiштерiн, қорықтар, қорықшалар, ұлттық парктер, минералды сулар қоймаларының және туристiк тартымдылыққа ие басқа да табиғи объектiлердi бағалау үшiн пайдаланылған баллдардың жиынтығы болды (Antouskova, 2011: 125).


«Шығыс Қазақстан облысының аумағын табиғи ландшафттардың аттрактивтiлiк дәрежесi бойынша аудандастыру» жасалған картасы (2-сурет) облыстың табиғи рекреациялық ресурстардың шоғырлану аймағы туралы бiршама айқын ақпарат бередi. Оны құрастыру үшiн Шығыс Қазақстан облысының ландшафттық картасының материалдары және Қазақстан Республикасының табиғи-қорық қорының, сонымен қатар басқа да картографиялық материалдар қолданылды (Чухахин, 1979: 245).

Физикалық-географиялық көзқарас Шығыс Қазақстан ландшафттарының рекреациялық сапасы және демалыс пен туризмнiң әр түрлi түрлерiн ұйымдастыру мүмкiндiктерi бойынша келесi негiзгi топтарын бөлiп көрсетуге мүмкiндiк бердi. Негiзге ландшафты аудандастыру алынды:

Ұзақ және барлық қысқа мерзiмдi демалыстардың барлық түрлерi үшiн өте қолайлы жағдайлар (3 балл). Талдау көрсеткендей, Қазақстандағы Алтай және Саурдың қараңғы қылқан жапырақты тайга мен қарағайлы ормандарының төменгi қылқан жапырақты ландшафтары, Мармар тауы, Азутау жотасы, Марқакөл ойпаты және т.б. туризмнiң жазғы және қысқы түрлерiн ұйымдастыру үшiн қолайлы.

Қысқа мерзiмдi жеке және жаппай демалудың барлық түрлерi үшiн қолайлы жағдайлары бар ландшафттар (2 балл). Оларға төменгi таулы және ұсақ таулы дала ландшафттары жатады (Шарыгин, 2015: 108).

Демалуға қолайсыз жағдайлары бар пейзаждар (1 балл) орманды-дала, құрғақ далалы, құрғақ далалы жазықтық, жартылай шөлейттi, ұсақ шөлейттi және жартылай шөлейттi жазықтық ландшафттарды құрайды. Оған бiрқатар аудандарды жатқызуға болады: Зайсан шөлдерi. Олар нашар бөлiнген рельефтi, орманды өсiмдiктердiң болмауы, табиғи және жасанды су қоймаларының аздығымен ерекшеленедi (Физические карты Восточно-Казахстанской области, 2020).



2-сурет – «Шығыс Қазақстан облысының аумағын табиғи ландшафттардың аттрактивтілік дәрежесі бойынша аудандастыру» [автормен құрастырылған]

Шығыс Қазақстан облысының табиғи-рекреациялық әлеуетінің негізгі құрамдас бөліктері курорттық емдеу үшін қолайлы климаттық жағдайлар және рельефтің, көлдердің, қарағай-қайың және қарағай ормандарының көркем үйлесімі, туристік-рекреациялық қызметтің кез келген түрі үшін олардың маусымдық жайлылығы болып табылады (Каримова, 2020: 2). Бұл сулардың бальнеологиялық құндылығы кардиологиялық бағыттағы сауықтыру орталығын салуға негіз береді (Туризм Восточного Казахстана за 2018 год, 2019). Бұл аудандар туристік қатынаста біркелкі емес игерілген, қолайлы табиғи рекреациялық ресурстар тұрақты емес пайдаланылады. Облыстың орталық бөлігінде Көкпекті ауданының бай орман-дала мен көлдері орналасқан. Аумақтың аз танымалдығы мұнда туризм іс жүзінде дамымайтынын айтады. Жарма және Абай аудандарының оңтайлы көліктік-географиялық жағдайы мен әлеуметтік-экономикалық дамуын ескере отырып, аталған аудандар республикалық деңгейдегі аумақтық рекреациялық жүйені қалыптастыру үшін елеулі туристік әлеуетке ие.

Аумақтың рекреациялық әлеуетін қазіргі және болашақта туризмді дамытудың объективті және субъективті алғышарттарының

кешені ретінде қарастырған жөн. Аумақтың туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау туристік-рекреациялық жүйелерді жобалауды, орналастыруды және дамытуды оңтайландырудың, жекелеген ресурстардың құндылығы мен олардың үйлесімі негізінде олардың негізгі функцияларын айқындаудың, туризм мен рекреацияның орнықты дамуының маңызды негізі болып табылады.

Шығыс Қазақстанның табиғи алғышарттарын бағалау және табиғи ландшафттардың аттрактивтілік дәрежесі бойынша аудандастыру бірқатар қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Ең тартымды рекреациялық ресурстар Катонқарағай, Зырян, Күршім, Тарбағатай, Көкпекті аудандарында шоғырланған. Төмен-орташа таулы орман ландшафттары қолайлы климаттық және орографиялық жағдайлар салдарынан рекреациялық тұрғыдан игерілген. «Катон-Қарағай» ұлттық парктерінің қызметін ұйымдастыру, Рахман қайнары, Құршым ауданы, Риддер және Өскемен қалалары, Алакөл және Зайсан көлдері, сондай-ақ Бұқтырма өзенінің жағалауы оларды республикалық дәрежедегі аумақтық рекреациялық жүйелердің барлық талаптарына жауап беретін демалыс және туризм аймақтарына айналдырды.



Катонқарағай ауданы және Күршiм ауданды (геолого-палеотологиялық және геоморфологиялық ескерткiштер «Қиын Керiш», «Алаулы адырлар» геологиялық және палеоботаникалық табиғат ескерткiшi «Ашутас») туризм, ғылым және табиғаттанудың мамандандырылған орталығы ретiнде ұсынылады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру үшiн қолайлы жағдай жасайды, тұрақты туризмнiң бiрегей объектiлерiнiң бiрi.

Тарбағатай ауданы рекреациялық жұмыстардың барынша көп санын ұйымдастыруға мүмкiндiк беретiн табиғи ресурстардың қолайлы жиынтығымен сипатталады. Белуха тауы туристердiң қызығушылығын арттырады.

Курорттық емдiк ұйымдастыру үшiн жергiлiктi маңызы бар база Рахман (пантатерапия), Алакөл (балшықпен емдеу), Зайсан, Язев көлдерi болуы мүмкiн. Туристiк қызметтi тиiстi ұйымдастыру, инфрақұрылымды дамыту, жаңа жолдар салу және ескi жолдарды қайта жаңарту кезiнде келешекте облыстың сипатталған аудандарында халықаралық туризмдi ұйымдастыру және халықаралық дәреженi қалыптастыру мүмкiн.

Орман алқаптары, әртүрлi рельеф, бай өсiмдiктер мен жануарлар әлемi, көлдер молдығы, шипалы климат, радонды көздер, пейзаждар сұлулығы осы ландшафттық аймақтарды басқалардан ерекшелендiредi.

Туризмнiң жекелеген түрлерiн дамыту үшiн Шығыс Қазақстан облысының аумағы перспективалы. Төмен деңгейлi және төменгi ландшафттар, қарағай мен қайың ормандарының, су қоймаларының, бiрегей табиғат ескерткiштерiнiң, бальнеологиялық маңызы бар минералды сулардың, балшықтардың, өнеркәсiптiк орталықтарға жақын орналасуы аймақтық және жергiлiктi деңгейдегi демалыс аймақтары мен туризмiн ұйымдастыруға ықпал етедi. Қарастырылып отырған аудандар жалпы сауықтыру ретiнде ұсынылады, өйткенi минералды бұлақтардың, балшық көлдерiнiң болуы мұнда жаңа медициналық орталықтар салуға мүмкiндiгiн бередi. Дамудың ең перспективалы аймағы – Шығыс Қазақстан облысының оңтүстiгiндегi Қабанбай, Үржар аудандары, бұл сужана сауықтыру орындарын салуға мүмкiндiк бередi.

Аягөз ауданының және Глубокое ауданының аумағы бұқаралық туризм үшiн ең тартымды болып табылады. Орман-дала жазық және құрғақ дала ұсақ шопан ландшафттары жайлы демалыс үшiн аз жағдай жасайды. Алайда туристердiң

экзотикаға, экстремалды жағдайлардағы оқиғаларға деген қызығушылығы осы ландшафттық аймақтардың тартымдылығын арттырады, ал шетелдiк туристердiң дала сафариiне деген қызығушылығын және олардың жеткiлiктi шаруашылық игерiлуiн есепке алғанда, шытырман және экзотикалық туризмдi ұйымдастыру мүмкiн. Сондай-ақ мұндай аумақтарды игеруге үлкен шығындарды талап етпейтiн өздiгiнен демалуға ұсыну орынды.

Танымдық және спорттық туризмнiң дамуын жоспарлауға мүмкiндiк беретiн әртүрлi ландшафттық ерекшелiктерi бар аудандарға Қазақ ұсақ шоқысы адырының жекелеген бөлiктерiн жатқызуға болады; туризмдi көпбейiндi дамыту аймақтарына – үлкен өзендердiң (Ертіс, Бұқтырма) алқаптары және облыс халқын қоныстандырудың iрi топтық жүйелерi тартылатын олармен шектес аумақтарды жатқызуға болады.

### Қорытынды

Жалпы мақаланы қорытындылай келе туристiк-рекреациялық салада туындайтын терминологиялық анықтамалар бойынша түрлi ғалымдардың көзқарасы қарастырылды. Нәтижесiнде туристiк-рекреациялық әлеует туралы ғылыми ұсыныстардың бiрнеше негiзгi анықтамалары қаралды. Сонымен, туристiк-рекреациялық әлеует қазiргi және болашақта аумақтық-рекреациялық жүйелерде рекреация мен туризмдi дамытудың объективтi және субъективтi алғышарттарының кешенi ретiнде анықталды.

Сонымен қатар, мақалаға қойылған негiзгi мiндеттiң бiрi – табиғи ландшафттардың аттрактивтiлiк дәрежесi бойынша Шығыс Қазақстан облысының аумағын аудандастыру картасын құрастыру болатын. Бұл мiндетке жету үшiн жұмыс барысында М. Милеска ұсынған сипаттама әдiсi мен бағаны белгiлеу әдiсi тандалып алынып, оны табиғи ландшафттардың түрлерiн рекреациялық және туризм үшiн тартымдылығына қарай жiктедi. Осы әдiс бойынша Шығыс Қазақстан облысын аудандастыру мүмкiндiгi жүзеге асты.

Табиғи туристiк-рекреациялық ресурстарды бағалау бойынша Шығыс Қазақстан облысының аумағы үшiн ұсынылатын туризмнiң перспективалық түрлерi:

1 Олимпиадалық базаның жоспарланып отырған объектiлерiнiң құрылысына байланысты спорттық-ойын-сауық және фестиваль туризмiнiң болашағы артуда.

2 Демалудың белсенді түрлерін: жаяу және тау туризмін жаңғырту үшін барлық қажетті табиғи және инфрақұрылымдық жағдайлар бар. Тау туризмін дамытудың шексіз ресурстары.

3 Экотуризм мен агротуризмді дамытудың шексіз мүмкіндіктері.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерді назарға ала отырып, туризмді дамыту үшін табиғи, антропогендік рекреациялық ресурстарды үйлестіру қажеттігі аңғарылады. Шығыс Қазақстан облысында табиғи көрікті жерлерден басқа дүниежүзілік маңызы бар Ұлы Жібек Жолында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштерге де бай орталық ретінде мұнда туризмді дамытуға әбден болады. Сонымен қатар, Ұлы Жібек жолында транзиттік турларды ұйымдастыру аса өзекті болып табылып отыр,

өйткені бұл Қазақстанға Жапония, Малайзия, ҚХР, Корея сияқты елдердің, сондай-ақ еуропалық мемлекеттердің қызығушылық аймағына кіруге мүмкіндік береді.

Облыстың қазіргі туристік әлеуетіне бірегейлікті беру ең алдымен экологиялық, мәдени-танымдық, жағажай, тау шаңғысы және іскерлік туризмді дамытуға арналған, бұл ұзақ мерзімді перспективада қазақстандық және халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілетті кешенді туристік өнімді қамтамасыз етеді. Мұндай өнімді құру негізінде қолайлы климаттық жағдайлар, су ресурстарының, бальнеологиялық ресурстардың болуы, бай ландшафтық-рекреациялық әлеует, сондай-ақ өзіндік тарихи-мәдени мұра, халықаралық маңызы бар бірегей мұражай кешендерінің болуы жатыр.

#### Әдебиеттер

- Antouskova M. (2011) Use of GIS to study tourism burden – case study of protected landscape area Kokorinsko / M. Antouskova, J. Mikulec. – Actaacademica Karviniensia, – P.125-130.
- Ashouri P. (2019) Potential Assessment of Nature-Based Tourism Destinations Using MCA Techniques (Case Study: Lavasan-e Koochak) / P. Ashouri, Sh. Fariyadi // Journal of Environmental Studies. – Vol. 36. – No. 55. – P. 1-5.
- Blanke J. (2013) The travel & tourism competitiveness report / J. Blanke, T. Chiesa. – World Economic Forum, – P. 147-159.
- Krippendorf J. (1980) Marketing im Fremdenverkehr / J. Krippendorf. – Auflage, Bern; Frankfurt am Main; Las Vegas, – 147 p.
- Ribeiro J.C. (2012) The tourist potential of the Minho-Lima region (Portugal). Visions for global tourism industry / J.C. Ribeiro, L.C. Vareiro // Creating and Sustaining Competitive Strategies. – P. 105-125.
- Богданов Е.И. (2007) Планирование на предприятии туризма: учеб. пособие для вузов / О.Н. Кострюкова, В.П. Орловская, П.М. Фенин, Д.С. Ушаков. – СПб.: Изд. дом Бизнес-пресса 2, – 288 с.
- Бурменко Т. Д. Сфера услуг: экономика: учеб. пособие / Т.Д. Бурменко, Н.Н. Даниленко, Т.А. Туренко. – М.: КНОРУС, – 328 с.
- Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области. География растительного покрова. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.e-priroda.gov.kz/index.php/ru/prirodnye-usloviya-i-resursy-vko/vostochno-kazakhstanskaya-oblast/geografiya-rastitelnogo-pokrova>. Дата обращения: 12.09.2020 г.
- Гуляев В. Г. (1996) Организация туристской деятельности / В.Г. Гуляев. – М.: Нолидж, – 320с.
- Дроздов А.В. (2006) Рекреационная география: идеи, методы, практика / А.В. Дроздов. – Тверь, – С. 126.
- Егорина А.В. (2012) Физическая география Восточного Казахстана / А. В. Егорина. – Усть-Каменогорск, – 181 с.
- Кавалаяускасу П.С. (2019) Проблемы территориальной организации рекреационной деятельности / П.С. Кавалаяускасу. – М.: ЮРАЙТ, – 120 с.
- Каримова М. Туристические кластеры Казахстана: будущее отечественного туризма [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://365info.kz/2017/08/turisticheskie-klastery-kazhastana-budushhee-otechestv-ennogo-turizma/>. Дата обращения: 11.07.2020.
- Каткова Е.Г., Оборин М.С., Климова О.В. (2012) Природные ресурсы и их роль в рекреационном развитии региона, // Науки о земле. – С. 22-27.
- Кружалин В.И. (2014) География туризма / Н.С. Мироненко, Н.В. Зигерн-Корн, Н.В. Шабалина – М.: Федеральное агентство по туризму, – 336 с.
- Кусков А.С. (2010) Рекреационная география / А.С. Кусков, А.С. Нехаева. – Саранск: Изд-во Мордовского ун-та, – 80 с.
- Кусков А.С. (2004) Экотуристский потенциал особо охраняемых природных территорий и проблема его использования / А.С. Кусков, Е.И. Арсеньева // Современный город: социокультурные и экономические перспективы: межвуз. сб. науч. ст. по итогам Всерос. науч.-практ. конф. – Саратов, – С. 257-260.
- Лысенко Н.Н. (2009) Совершенствование оценки потенциала туристского комплекса: на примере Сахалинской области: дис... канд. экон. наук: 08.00.05 / Н.Н. Лысенко. – Хабаровск, – 174 с.
- Маркакольский заповедник [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Маркакольский\\_заповедник](https://ru.wikipedia.org/wiki/Маркакольский_заповедник) Дата обращения: 12.10.2019.
- Милеская М. И. (2017) Классификация туристских местностей. – М.: Земля, – Т.3. – 230 с.
- Прудский В.Т. (2005) Туристский потенциал регионов РФ: понятие, структура, оценка / В.Т. Прудский, Л.Г. Бурьлова, О.П. Голиков. – Пермь, – С. 6.

Сазыкин А.М. (2002) Полевые заметки географа о проблемах терминологии в рекреационной географии и туризме // Туризм на Дальнем Востоке: бизнес, инвестиционные стратегии, образование и экология: мат. регион. науч.-практ. конф. Дальтур-2001. – Владивосток: ДвГУ, – С. 306-310.

Сафарян А.А. (2015) Подходы к оценке туристского потенциала территории / А.А. Сафарян // Географический вестник. – М. – № 1(32). – С. 89-102.

Севастьянова С.А. (2007) Региональное планирование развития туризма и гостиничного хозяйства: учеб. пособие / С.А. Севастьянова. – М.: КНОРУС. – 256 с.

Официальный интернет-ресурс Аким Восточно-Казахстанской области. Социально-экономический паспорт Восточно-Казахстанской области за 2018 год [Электронный ресурс]. – Усть-Каменогорск, 2018. – Режим доступа: <http://www.akimvko.gov.kz/ru/region/>. Дата обращения: 11.07.2020.

Туризм Восточного Казахстана за 2018 год. Статистический сборник. – Усть-Каменогорск. – 430 с.

Физические карты Восточно-Казахстанской области [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://www.google.kz/search?q=физическая+карта+вко&rlz=1C1GGRV\\_enKZ751\\_KZ\\_751&tbm=isch&source=iu&ictx=/](https://www.google.kz/search?q=физическая+карта+вко&rlz=1C1GGRV_enKZ751_KZ_751&tbm=isch&source=iu&ictx=/). Дата обращения: 13.09.2020.

Чупахин В.М. (1979) Ландшафтная карта Казахской ССР м-ба 1:2 500 000 / В. М. Чупахин, Г. В. Гельдыева, Л. К. Веселова / под ред. Н. А. Гвоздецкого. – М.: ГУГК. – 245 с.

Шарыгин М.Д. (2015) Природно-ресурсный потенциал и его оценка / М. Д. Шарыгин // Эколого-экономические районы. – Пермь. – С. 108-118.

## References

Antouskova M. (2011) Use of GIS to study tourism burden – case study of protected landscape area Kokorinsko / M. Antouskova, J. Mikulec. – Acta academica Karviniensia, – P.125-130.

Ashouri P. (2019) Potential Assessment of Nature-Based Tourism Destinations Using MCA Techniques (Case Study: Lavasan-e Koochak) / P. Ashouri, Sh. Fariyadi // Journal of Environmental Studies, – Vol. 36. – No. 55. – P. 1-5.

Blanke J. (2013) The travel & tourism competitiveness report / J. Blanke, T. Chiesa. – World Economic Forum, – P. 147-159.

Krippendorf J. (1980) Marketing im Fremdenverkehr / J. Krippendorf. – Auflage, Bern; Frankfurt am Main; Las Vegas, – 147 p.

Ribeiro J.C. (2012) The tourist potential of the Minho-Lima region (Portugal). Visions for global tourism industry / J.C. Ribeiro, L.C. Vareiro // Creating and Sustaining Competitive Strategies, – P. 105-125.

Bogdanov Ye.I. (2003) Planirovaniye na predpriyatii turizma: ucheb. posobiye dlya vuzov / O.N. Kostyukova, V.P. Orlovskaya, P.M. Fenii, D.S. Ushakov. – SPb.: Izd. dom Biznes-prensa 2, – 288 s.

Burmenko T.D. (2007) Sfera uslug: ekonomika: ucheb. posobiye / T.D. Burmenko, N.N. Danilenko, T.A. Turenko. – М.: KNORUS, – 328 s.

Upravleniye prirodnykh resursov i regulirovaniya prirodopol'zovaniya Vostochno-Kazakhstanskoy oblasti. Geografiya rastitel'nogo pokrova. [Elektronnyy resurs]. – Rezhim dostupa: <http://www.e-priroda.gov.kz/index.php/ru/prirodnye-usloviya-i-resursy-vko/vostochno-kazakhstanskaya-oblast/geografiya-rastitelnogo-pokrova>. Data obrashcheniya: 12.09.2020 g.

Gulyayev V.G. (1996) Organizatsiya turistskoy deyatel'nosti / V.G. Gulyayev. – М.: Nolidzh, – 320 s.

Drozdov A.V. (2006) Rekreatsiynaya geografiya: idey, metody, praktika / A.V. Drozdov. – Tver', – S. 126.

Yegorina A.V. (2012) Fizicheskaya geografiya Vostochnogo Kazakhstana / A. V. Yegorina. – Ust'-Kamenogorsk, – 181 s.

Kavalyauskasu P.S. (2019) Problemy territorial'noy organizatsii rekreatsiynoy deyatel'nosti / P.S. Kavalyauskasu. – М.: YURAYT, – 120 s.

Karimova M. Turisticheskiye klastery Kazakhstana: budushcheye otechestvennogo turizma [Elektronnyy resurs]. – Rezhim dostupa: <https://365info.kz/2017/08/turisticheskiye-klastery-kazakhstan-budushcheye-otechestvennogo-turizma/>. Data obrashcheniya: 11.07.2020.

Katkova Ye.G., Oborin M.S., Klimova O.V. (2012) Prirodnyye resursy i ikh rol' v rekreatsiynom razvitii regiona, // Nauki o zemle. – S. 22-27.

Kruzhalin V.I. (2014) Geografiya turizma / N.S. Mironenko, N.V. Zigern-Korn, N.V. Shabalina – М.: Federal'noye agentstvo po turizmu, – 336 s.

Kuskov A.S. (2010) Rekreatsiynaya geografiya / A.S. Kuskov, A.S. Nekhayeva. – Saransk: Izd-vo Mordovskogo un-ta, – 80 s.

Kuskov A.S. (2004) Ekoturistskiy potentsial osobo okhranyayemykh prirodnykh territoriy i problema yego ispol'zovaniya / A.S. Kuskov, Ye.I. Arsen'yeva // Sovremennyy gorod: sotsiokul'turnyye i ekonomicheskiye perspektivy: mezhvuz. sb. nauch. st. po itogam Vseros. nauch.-prakt. konf. – Saratov, – S. 257-260.

Lysenko N.N. (2009) Sovershenstvovaniye otsenki potentsiala turistskogo kompleksa: na primere Sakhalinskoy oblasti: dis... kand. ekon. nauk: 08.00.05 / N.N. Lysenko. – Khabarovsk, – 174 s.

Markakol'skiy zapovednik [Elektronnyy resurs]. – Rezhim dostupa: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Markakol'skiy\\_zapovednik](https://ru.wikipedia.org/wiki/Markakol'skiy_zapovednik) Data obrashcheniya: 12.10.2019.

Mileskaya M.I. (2005) Klassifikatsiya turistskikh mestnostey. – М.: Zemlya, 2017. – T.3. – 230 s.

Prudskiy V.T. Turistskiy potentsial regionov RF: ponyatiye, struktura, otsenka / V.T. Prudskiy, L.G. Burylova, O.P. Golikov. – Perm', – S. 6.

Sazykin A.M. (2002) Polemicheskiye zametki geografa o problemakh terminologii v rekreatsiynoy geografii i turizme // Turizm na Dal'nem Vostoke: biznes, investitsionnyye strategii, obrazovaniye i ekologiya: mat. region. nauch.-prakt. konf. Dal'tur-2001. – Vladivostok: DvGU, – S. 306-310.

Safaryan A.A. (2015) Podkhody k otsenke turistskogo potentsiala territorii / A.A. Safaryan // Geograficheskiyvestnik. – M., – № 1(32). – S. 89-102.

Sevast'yanova S.A. (2007) Regional'noye planirovaniye razvitiya turizma i gostinichnogo khozyaystva: ucheb. posobiye / S.A. Sevast'yanova. – M.: KNORUS, – 256 s.

Ofitsial'nyy internet-resurs Akima Vostochno-Kazakhstanskoy oblasti. Sotsial'no-ekonomicheskiy pasport Vostochno-Kazakhstanskoy oblasti za 2018 god [Elektronnyy resurs]. – Ust'-Kamenogorsk, 2018. – Rezhim dostupa: <http://www.akimvko.gov.kz/ru/region/>. Data obrashcheniya: 11.07.2020.

Turizm Vostochnogo Kazakhstana za 2018 god. Statisticheskiy sbornik. – Ust'-Kamenogorsk. – 430 s.

Fizicheskiye karty Vostochno-Kazakhstanskoy oblasti [Elektronnyy resurs]. – Rezhim dostupa: [https://www.google.kz/search?q=fizicheskaya+karta+vko&rlz=1C1GGRV\\_enKZ751 KZ 751&tbm=isch&source=iu&ictx=/](https://www.google.kz/search?q=fizicheskaya+karta+vko&rlz=1C1GGRV_enKZ751 KZ 751&tbm=isch&source=iu&ictx=/). Data obrashcheniya: 13.09.2020.

Chupakhin V.M. (1979) Landshaftnaya karta Kazakhskoy SSR m-ba 1:2 500 000 / V. M. Chupakhin, G. V. Gel'dyyeva, L. K. Veselova / pod red. N. A. Gvozdetskogo. – M.: GUGK, 1979. – 245 s.

Sharygin M.D. (2015) Prirodno-resursnyy potentsial i yego otsenka / M. D. Sharygin // Ekologo-ekonomicheskiye rayony. – Perm', – S. 108-118.